

«Тұрсынқұл апа» бөбекжай балабақшасы
Педагогикалық кеңестің № 1 хаттамасы

Қатысқаны:

28. 08. 2023ж

Мақсаты:

Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттарымен таныстырып, жүзеге ауыстыру жұмыстары.

Күн тәртібі:

1. Балабақша педагогикалық ұжымның 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары мен үлгілік оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жүктемесімен, перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту.
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық.
3. Жаңа оқу жылында қолдануға тиісті жаңа нормативті құжаттармен таныстыру,
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тарау, 59-бабының 4- тармағына сәйкес өзіндік аттестаттау туралы. Аттестаттау комиссиясының құрамына сайлау, бекіту. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №192 бұйрығы.
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қаматамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 бұйрығына қосымша. Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар. Балабақшаны мемлекеттік өзін-өзі аттестаттаудан өткізу туралы.
6. Тәлімгерлік туралы ережелер, жас мамандарға арналған нұсқаулықтар. Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекіту.
7. Тәрбиешілердің шығармашылық тобының жұмысын ұйымдастыру.
1. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова
Жаңа оқу жылының басталуымен педагогтарды құтықтай отырып, алдағы жылдық мақсат, міндеттермен таныстырды және балабақшаның күн тәртібін айтып өтті. Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Г.Шырынханова Балабақша педагогикалық ұжымның 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары мен үлгілік оқу

жоспарымен, ұйымдастырылған оқу қызметі жүктемесімен, перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту туралы таныстырып өтті.

- баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

- Рухани – адамгершілікке тәрбие мазмұнын қарапайым сүйіспеншілік, денсаулық, достық, бақыт сияқты құндылықтарға баулу.

- Баланың өз бойындағы жақсы қасиеттері негізінде жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға үйрету.

Күнделікті бірлесе атқаратын ісө қимылдар барысында балалардың бойында қоршаған орта құбылыстарымен адамгершілік қарым қатынас жасау міндеті алынды. Жылдық жоспарда осы міндеттерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланған. Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын әр тәрбиешінің келесі мәселесіне жеке жеке тоқталып өтті. Балабақша педагогтерге өздерінің алған мәселелері бойынша жоспарлар талқыланады. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарын бөбекжай меңгеруші, әдіскер, психологі бірігіп отырып құрады. Сондықтан осы айтылғандарды құпаймыз, жылдық жоспарға алып қосарымыз жоқ десеніздер бекітейік.

Дей келе Балаларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде ұжым болып жылдық мақсаттар белгілейміз және сол мақсаттарға жетуге ерінбей еңбекетеміз. Былтырғы жылдың мақсатына қарағанда өзгерістер жоқ. Балабақша ұжымы үнемі балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды мен қауіпсіз болуын естен шығамаған жөн.

2. Тыңдалды: Әдіскер А.Маханова «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына енген өзгерістермен таныстырып өтті.

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін:

- 1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі- Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
- 2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №17657

болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

- 3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);
- 4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);
- 5) Мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады. Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған әс-
Әрекеттер берілді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттермен таныстырып өтті.
Жас кезеңдері мынадай;

Бөбек жас – 0 (жаңа туған балалар) -2 жастағы балалар;

Мектепке дейінгі жас -3-5жастағы балалар . Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталған :ерте жас тобы- 1 жастағы балалар;

-Кіші топ -2 жастағы балалар;

-Ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;

-Ересек топ -4 жастағы балалар;

-Мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып -5 жастағы балалар.

3.Тыңдалды. Балабақша әдіскері А.Маханова сөз алды. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатымен таныстырды. Тәрбиелеу – білім беру процесі:

- перспективалық жоспар

- циклограммалар

- бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылады.

Жас топтары бойынша заттық- кеңестік дамытушы ортаға қойылатын талаптар жайлы таныстырды.

4. Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тарау , 59-бабының 4-тармағына сәйкес өзіндік аттестаттау туралы. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №192 бұйрығы.

5. Тыңдалды: Балабақша әдіскері А.Маханова білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдармен таныстырды. Жыл соңында балабақшадағы жылдық жоспар бойынша қандай жұмыстар атқарылды, қандай жетістіктерге жетті, жылдық есеп жүргізіліп, өзін-өзі бағалау қажет деп, таныстырып өтті. Балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова педагогтерге біліктілік санаттарын беру қағидаларының жалпы ережелерін, педагогтерге біліктілік санаттарын беру тәртібімен таныстырып өтті. Енді осы сұрақ бойынша пікірлеріңізді ортаға салсаңыздар.

6. Тыңдалды: Балабақша әдіскері А.Маханова сөзге шықты. Ол өз сөзінде 2023-2024 оқу жылынды қызметкерлермен жүргізілген жұмыстар келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- 4 педагогта біліктілік санаты бар.

- 6 педагог біліктілік арттыру курсынан өтті. Қазіргі таңда мамандық бойынша қайта даярлау курсынан 5 педагог өтті.

Қазіргі таңда Г.Шырынханова аттестаттау комиссия төрайымы деп сайлап, осы жұмысты, яғни нормативтік құжаттармен жұмыс жүргізу жүктелсін.

7. Тыңдалды: Тәлімгерлік туралы ережелер, жас мамандарға арналған нұсқаулықтар. Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекіту. Жас маман жанжақты ізденіс үстінде болуы керектігін нақтылау, көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекітуге тоқталды. Сол себепті, тәлімгер тәрбиеші бекіту керек деп ойлаймын. Осы туралы ойларыңызды айтыңыздар. Әдіскер А.Маханова сөз сөйледі: жас маман мен оларға бекітілген тәлімгер туралы тоқталып өтті. Биылғы оқу жылында жас мамандар жоқ. «Балпан» тобының тәрбиешісі А.Бахтыбекова өз біліктілігімен басқа мамандарға тәлімгерлік көмек көрсетті. Басқа тәрбиешілерде өзара ұйымдастырылған оқу қызметтеріне кіріп, іс-тәжірибие алмасу және үнемі ізденісте болып, өздерін жан жақты көрсеті біліу керек деді.

Тыңдалды: Тәрбиешілердің шығармашылық тапқырыптарын бекіту жөнінде балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова сөз алды. Ол сөзінде:

«Тұрсынкүл апа» бөбекжай балабақшасы
Педагогикалық кеңестің № 2 хаттамасы

Қатысқаны: 11

28.10. 2023ж

Күн тәртібі:

1. Балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларын арттыру жолдары.
2. Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы. Баяндама А.Маханова
3. Ойын –бала дамуының басты құралы.
4. Заттық –кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруы және жабдықталуы.
5. Ашық есік жоспары бойынша топтарды бекіту.

Тыңдалды: Б.б. әдіскері А.Маханова сөз алды. Балабақшаның басты факторларының бірі –баланы жан-жақты дамыту болып келеді. Қазіргі уақытта әр педагогтың алдында жаңа қоғамдық талаптары қойылған, балалармен жұмыс жасаудың жаңа қызықты және шығармашылық тәсілдерін табу міндеттері тұр. Сондықтан баларамен оқу қызметінде осы арт педагогиканың элементтерін қолдана отырып, үйлесімді жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу және зияткер қабілетін арттыру мақсатында көздеп отырмыз. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына оқу қызметін меңгерту, ол танымдық белсенділікті дамытудың басты бағыты болып саналады. Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Ойлау арқылы ғана заттардың, көріністердің араларындағы байламды белгілеп, оларды бар себептерді табады, келешекте оларға не болатынын ойлап шығарады. Келешекті болжай алады. Сондықтан тәрбиеші баланың дұрыс ойлап үйренуіне көп күш жұмсауы керек. Өйткені дұрыс ойлау ұрпақтан ұрпаққа табиғи түрде беріледі, оның үстіне тәжірибие арқылы да қалыптасады. Сонымен ойлау қызметінің белсенділігін арттыру үшін балалардың танымдық қызметін дамытатындай өзіндік пікір, қорытынды шығаруға түрткі болатын ойындар ұйымдастыру қажет. Ойын арқылы балардың негізгі іс-әрекеті және олардың айналасындағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін жинақтаған тәжірибиелерін өз бетінше іс жүзінде асырады. Ойын арқылы балалардың негізгі іс-әрекеті және олардың айналасындағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін жинақтаған тәжірибелерін өз бетінше іс жүзінде асырады. Ойын барысында берілген тапсырмаларды шешуге балалардың ақыл –ойы дамиды. Міне осыдан баланың логикалық ойлау, қиялдау қабілеті шыңдалады. Бала ойын дамытуда логикалық ойындар ерекшеліктерін алуға болады. Балалардың ойлау қабілетін дамытатын, қызығушылығын арттыруда, танымдық

кабілеттерін дамытуда мақсаты мен міндеттерін атап өтті. Логикалық ойлауы дамыған бала шығармашылыққа, ойлана әрекет етуге, өзінің іс-әрекетін талдауға үйренеді.

Қорыта келе, аталған жұмыс түрлері, бала үшін, оның танымын, логикасын арттыру үшін өмірде қажетті екенін көрсетеді, яғни олардың шығармашылық деңгейін көтеру.

Тыңдалды: Балабақша тәрбиешісі Ж.Алмаханова «Ұлттық тәрбие-ұлт болашағы» атты баяндама оқыды. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың жас жауы» Әбу Насыр әл-Фараби.

Тәуелсіздігімізді алып, өркениеттілікке құлаш сермеген бүгінгі таңда адамгершілігі мол, сапалы да салауатты ұрпақ тәрбиелеуде халықтық тәрбиенің алатын орны ерекше. «Жастар біздің болашағымыз» дейтін болсақ, сол жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға ұлттық тәрбие қажет екенін өмірдің өзі – ақ көрсетіп отыр. Күнделікті балаларға тұрмыстық тәрбиеге байланысты салт – дәстүрлер, бала дүниеге келгеннен өскенге дейінгі аралықта қолданылатын салт – дәстүр, ырым-тыйымның рөлі, сәлемдесу әдебі, сыйластық, қонақ күту, ас ішу әдебі, инабаттылық дәстүрлері, сөйлеу әдебі және киім кию тәрбиесі, ұлттық тәрбиедегі еңбек тәрбиесінің орны, қазақ халқының озық мәдениет үлгілері мен олардың тәрбиелік мәні сияқты ұлттық құндылықтарымызға тәрбиелеп отыруымыз керек. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» демекші, ел болып, ұлт болып қаламыз десек, «Ұлттық тәрбие» балабақшадан бастап қолға алғанымыз жөн деп ойлаймын, деп аяқтады.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова: ойын-бала дауының басты құралы демекші балабақшада төмендегідей орталарды ұйымдастру қажет. Білім беру аймағы- оқу қызметіне (сенсорника, айналамен таныстыру, сөйлеуді дамыту т.б) қажетті материалдар орналастырылған бұрыш; кітап бұрышын жасау; толықтыруға ата-аналарды тарту, кітапты уақытша пайдалануға үйге беру; Құрастыру; музыка аймақтары; Театр бұрышы; Ойын бұрышытары; Кішкене стадион; Табиғат бұрышы; Дербес іс-әрекеттер аймағын топтық бөлмелерде, шешіну бөлмелерінде құрған дұрыс. Балалардың, олардың отбасы фотосуреттерін, балалардың суреттерін қоюға болады. Заттық – дамытушы отаны құруда шығармашылық идеяларда шек жоқ дегенмен ең бастысы баланың жас ерекшелігі, қызығушылығы және осы ортада өзін еркін сезініп, орта

материалдарын қолдана алуына мүмкіндік берілуі маңызды шарт деп қорытындылады.

Тыңдалды :Балабақша әдіскері А.Маханова сөз алды. Балабақша заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру қажет.

-балабақшаның жас ерекшелік топтарына сәйкес заттық –дамытушы ортаны жобалау керек.

1) кіші топта:

Танымдық ойыншытар , қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғат материалдардан жасалған ойыншықтар.

2)ортаңғы топта:

Дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдар және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар , қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер.

Соңғы мәселе : Ашық есік Балабақша әдіскері А.Маханова қазан айында өтетін ашық есік күнін топтарда «Балапан» кіші тобында сөйлеуді дамыту «Ойыншықтар» тәрбиеші А.Бахтыбекова өтті. «Сары жапырақтар жерге түседі» атты ұйымдастырылған оқу қызметін құрастыру бөлімі бойынша ортаңғы топ тәрбиешісі Ж.Алмаханова өтті.

ШЕШІМ:

1. Балалардың танымдық зияткерлік жұмыстары бойынша жұмыстар жүргізілсін.
2. Баяндама хаттамаға тіркелсін.
3. Заттық кеңістік дамытушы ортаны толықтыру жұмыстары жалғастырылсын. Жауапты әдіскер , тәрбиешілер.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Хатшы:



Г.Шырынханова

Г.Маханбет

«Тұрсынқұл апа» бөбекжай балабақшасы
Педагогикалық кеңестің № 3 хаттамасы

Өткізілген уақыты: 15 қаңтар 2024ж.

Қатысқаны саны:12

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1.Өткен кеңестің қорытындысы.
- 2.I –жарты жылдықтағы оқу- тәрбие жұмыстарына аналитикалық есеп беру.
3. I- жарты жылдықтықтағы білім- білік дағдыларын диагностикалау, аралық диагностика
- 4.Ұйымдастырылған оқу-қызметі «Асық терапиясын» қолдану.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А.Маханова бөбекжайдың жарты жылдық есебін баяндады. Жарты жылдық есеп бойынша балабақшада атқарылған жұмыстар, өткізілген ертеңгіліктер, семинарлар, жиналыстар, ата-аналармен жұмыстар, оқу тәрбие жұмыстары толығымен өткізілді.Тәрбиешілер ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер жоспар бойынша жұмыс жүргізіліп өткізілді. Топ тәрбиешілері өздерінің жарты жылдық есертерін тапсырды.

Тыңдалды: Әдіскер А.Маханова сөз алды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарымен таныстырып өтті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгерту бойынша жүргізілетін мониторинг критерийлері мен индикаторларын оқып, түсіндіріп өтті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын игеру деңгейлерін есептеу әдістемесімен таныстырды.

1- Қосымшамен таныстырды және 2- қосымшада Бақылау парақтары Excel форматта берілген. Топтың мониторинг нәтижелері негізінде мектепке дейінгі ұйымның әдіскердің Excel форматта берілген қосымшаға сәйкес (3 қосымша) мектепке дейінгі ұйымның, содан соң аудандық білім бөлімдері мен облыстық білім басқармасының әдіскері мен мамандары аудан, облыс бойынша мониторингті жасайды. Топтың мониторингі нәтижелерә негезенде оқу жылына Баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасын толтыру кезінде педагог кестеге дамытушы немесе түзету шаралары қажет болған жағдайда бақылау нәтижелері бойынша іс-шаралардың екі түрін енгізу керектігін айтып өтті.

3.Тыңдалды:Ұйымдастырылған іс әрекеттерде «Асық терапиясын» қолдану туралы тәрбиеші А.Маханова баяндама оқыды.

4. Мектепке дейінгі ұйымда балаларды дамыту, білім беру, тәрбиелеу мақсатында қолданылып келген педагогикалық технологиялар жеткілікті. Соның бірі асық ойыны. Асық – ойыны сол бай салтымыздың бір дәстүрі. Ертеде қазақ халқы асықты бала кезінде қолына алып, жас кезінен бастап ойынай бастайды. Тіпті сәби дүниеге келмей жатып, жас нәрестерлерге арнап асық жинайтындар да болған. Асық ойындарының тәрбиелік мәні зор. Асық терапиясының мақсаты: асық терапиясында балалардың терапиясында балалардың қиымыл-қозғалыстарын реттеу, кеңістікті бағдарлай білу, көрнекі іс – әрекеттік, көрнекі-бейнелік және сөздік – логикалық ойлауды сатылай қалыптастырып, шығармашылық тұрғыдан және сын тұрғысынан ойлауды дамыту, шыдамдылық, сабырлық, бірлескен әрекетті қолдана білуге тәрбиелейді. Сондықтан да біз, ерекесектер, асық ойындарының жаңа мазмұнда ойындарын, жаттығуларын құрастырып, оларды оқыту және дамыту, ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қолдана аламыз.

Асық ойынына Бауыржан Момышұлы атамызда «Асық – үлкен халықтық тәрбие» деп баға беріп, жоғары билікке хат та жазған екен. Наурыз айында өткізілетін аудандық семинарға асық ойындарын ойнату және жарыстар ұйымдастыру туралы айтып өтті.

4. Тыңдалды: Балабақша әдіскері А.Маханова осы жылдың жарты жылдықтың жұмыстарына талдау жасап өтті. Балабақшада

ШЕШІМ:

1. Өткен кеңестің қаулылары орындалды.
2. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып қабілеттері мен дағдысының даму деңгейін қадағалау бойынша аралық мониторинг нәтижелерін қосымшаға сәйкес Excel форматында жасалып, білім бөліміне тапсырсын. Жауапты әдіскер А.Маханова
3. Ұйымдастырылған оқу қызметінде, ойындарда «Асық терапиясы» қолданылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:



Г.Шырынханова

Г.Маханбет

«Тұрсынқұл апа» бөбекжай балабақшасы
Педагогикалық кеңестің №4 Хаттамасы.

Қатысқандар – 14.

03.03.2023 ж

КҮН ТӘРТІБІ

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. « Көтеріңкі көңіл – күй, жанға қуат береді» . Тренинг психолог М.Булегенова
3. Ашық ұйымдастырылған іс – әркетті талқылау. «Айналайын анашым» тәрбиеші А.Маханова
4. Топтардағы «Табиғат бұрышы» мазмұнының сапасы. Тақырыпты тексеру.

1. ТЫҢДАЛДЫ: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова сөз алды. Өз сөзінде өткен педагогикалық кеңес бойынша қаралған мәселелер, оның ішінде күнделікті ертеңгілік жаттығулармен тәрбие іс-әректтерінің өткізілуі, балаларға сауықтыру жұмыстарының дұрыс жүргізілуі жолға қойылғандығы жайлы айтылды. Кітап бұрышының салыстырмалы тексеру кезінде «Ақкөгершін» тобы алды болды. «Балдаурен» тобына ұсыныстар беріп кітапты көбейту керегін ескертті. Ересек «Балдаурен» тобының өткізген ашық «Сиқырлы айна» атты ұйымдастырылған іс-әректі, қанағаттанарлық деп бағаланды. Топ тәрбиешілеріне мультимедиялық технологияларды қолдану туралы ұсынысын айтты.

2. ТЫҢДАЛДЫ: Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Маханова психолог М.Булегенова дайындаған тақырыбы «Көтеріңкі көңіл – күй, жанға қуат береді» тренингі қатысушылардың эмоционалдық көңіл – күйін, шаршағандықтарын басып, жағымды психологиялық ахуал қалыптастырды. Педагогтарға ойындар ойнатып, жаттығулар түрлерімен таныстырды және жақсы көңіл – күй сыйлады. Сөйлегендер: Балабақша тәрбиешісі А.Бахтыбекова тренинг жайлы былай деді: Тәрбиешілердің эмоционалды көңіл – күйлерін көтеріп, кәсіби шеберлігін арттырып және топтасып жұмыс істеуді дамытты. Жалпы айтқанда маған ұнағаны ойындары, билері бір көңіліміз көтеріліп демалып қалдық.

3. ТЫҢДАЛДЫ Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова сөз алды. Өз сөзінде Ересек «Балдаурен» тобының тәрбиешісі А.Маханова ашық ұйымдастырылған іс-әрекетті талқылау барысында педагогтардың пікірін тыңдады. Тақырыбы «Айналайын анашым». СӨЙЛЕГЕНДЕР: Тәрбиеші Ж.Алмаханова – Тәрбиеші А.Маханова сөйлеуді

дамыту «Айналайын анашым» ұйымдастырылған іс-әректі түрлі ойындардан құралған екен, анларға арналған тақпақтары өте әсерлі жағымды. Тәрбиешілермен балалар арасындағы ынтымақты қарым- қатнас өте жақсы. Тәрбиеші балаға тапсырманы беріп, зейінін ұстап тұру қабілеті жақсы.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Тәрбиеші Г.Маханбет – тәрбиеші А.Маханованың өткен ашық ұйымдастырылған әс-әрекеті баланың жасына сай жоспарланған. Балаларда ойлана отырып тапсырманы орындауға ірекет етті. Бір ойыннан екінші ойындарға өте отырып, жалықпай жасады.

4.ТЫҢДАЛДЫ Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова – топтардағы «Табиғат бұрышы» мазмұнның сапасы тақырыпты тексерудің қорытындысы туралы сөз қозғады. Балабақшада балаларды табиғатпен таныстыру үшін табиғатпен үнемі тікелей байланыста болу талап етіледі. Табиғат бұрышында өсіп тұрған гүлдер әр топтың жас мөлшеріне сай болуы тиіс, сонымен қатар қауіпсіз болуы керек деп сөз кезегін әдіскерге берді.

СӨЙЛЕГЕН: Балабақша әдіскері – топтар арасындағы табиғат бұрышын тақырыпты тексерудің қорытындысы жайлы сөз қозғады.. Топтар арасында «Табиғат бұрышы» байқауы өтті. Табиғат бұрышында балалармен жұмыс жасау барысында топ тәрбиешілері өз міндеттерін атқарған, табиғи материалдармен безендірген. Топтар арасында Ортаңғы «Ақкөгершін» тобы үздікке лайықты деп айтуға болады, тәрбиешісі Ж.Алмаханова. Табиғи материалдармен, қабықшалар, қиыршық тастар, конустар, бұтақтар, өсімдіктермен жануарлардың макеттері қойылған, стандартқа сәйкес жабдықталған. Осындай байқаулар жалғасын таба берсін.

ШЕШІМ:

1. №3 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Психолог М.Булегенова «Көріңкі көңіл-күй, жаға қуат береді» тренигі жақсы деп бағаланды.
3. Ересек «Балдаурен» тобының тәрбиешісі А.Маханова «Айналайын анашым» тақырыбындағы ашық ұйымдастырылған іс-әрекетіне айтылған ұсыныстар орындалсын.
4. Топтар арасындағы «Табиғат бұрышы» тақырыпты тексерудің қорытындысына жасалған ұсыныстар орындалсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:



Г.Шырынханова

Г.Маханбет